



«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК  
ҚОҒАМЫ

Интеграцияланған менеджмент жүйесі

Редакциясы: № 2

АО «НК «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның

парағы 1-21

Сәйк. коды: П-15-2023

Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат

«QazaqGaz» ҰК» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
ішкі отырысының хаттамасына  
қосымша



«QazaqGaz» ҰК» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
шешімімен бекітілген  
2023 ж.

«13» 08  
№ 10/23 хаттама

«QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның  
Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі  
САЯСАТ

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакциясы: № 2 Сәйк. коды: П-15-2023	АО «НК «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат	парағы 2-21

**Астана 2023**

**Енгізілген:** «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 13 қазандағы шешімімен бекітілген (№8 хаттама) «ҚазТрансГаз» АҚ жұмыскерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер қақтығысын реттеу саясаты» П-00-21 құжатының орнына

**Қайта қаралған күні:** 2026 ж.

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакциясы: № 2 Сәйк. коды: П-15-2023	АО «НК «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат	парағы 3-21

## Мазмұны

<b>2. Нормативтік сілтемелер .....</b>	<b>5</b>
<b>3. Терминдер мен анықтамалар .....</b>	<b>5</b>
<b>4. Қысқартулар мен белгілер .....</b>	<b>6</b>
<b>5. Жауапкершілік және өкілеттіктер.....</b>	<b>7</b>
<b>6. Негізгі бөлік.....</b>	<b>7</b>
<b>7. Мүдделер қақтығысын басқарудың негізгі принциптері.....</b>	<b>8</b>
<b>8. Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің мүдделер қақтығысын басқару жөніндегі міндеттері .....</b>	<b>9</b>
<b>9. Мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу тәртібі мен тәсілдері .....</b>	<b>11</b>
<b>10 Мүдделер қақтығысын реттеу .....</b>	<b>12</b>
<b>11. Жауапкершілік .....</b>	<b>13</b>
<b>№1 қосымша.....</b>	<b>14</b>
<b>№ 2 қосымша.....</b>	<b>17</b>
<b>№ 3 қосымша.....</b>	<b>19</b>
<b>КЕЛІСУ ПАРАҒЫ .....</b>	<b>21</b>

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакциясы: № 2 Сәйк. коды: П-15-2023	АО «НК «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат	парағы 4-21

## 1. Мақсаты және қолданылу саласы

Осымен «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның мүдделер қақтығысын реттеу саясаты (бұдан әрі - Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, корпоративтік басқарудың халықаралық практикасына, Жарғыға, Іскерлік этика кодексіне, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның мүдделер қақтығысын реттеу саясатына, «QazaqGaz» ҰК» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына және «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның (бұдан әрі - Қоғам) өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.2. Саясат мүдделер қақтығысын реттеудің жалпы принциптерін және мүдделер қақтығысын реттеу саласына әсер ететін Қоғамның басқа қызметін белгілейді.

1.3. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің Қоғамдағы кәсіби міндеттерін орындау шеңберінен тыс заңды жеке мүдделері болуы мүмкін екенін Қоғам түсінеді, бірақ Қоғамдағы осындай жеке мүдделер мен кәсіби міндеттер арасындағы кез-келген мүдделер қақтығысы Саясатқа сәйкес ашылып және реттелуі тиіс.

1.4. Саясат Қоғамның барлық қызметіне қолданылады. Саясат Қоғамның барлық лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері лауазымға кіріскен кезде танысу және қолдану үшін міндетті болып табылады. Функционалдық міндеттерді жүзеге асыру және қойылған міндеттерді іске асыру кезінде Қоғамның әрбір лауазымды адамы мен жұмыскері Саясатта баяндалған ережелерді басшылыққа алады.

1.5. Саясаттың негізгі міндеттері:

(а) мүдделер қақтығысына қатысты Қоғамның негізгі қағидаттарын бекіту және осы қағидаттарды сақтау бойынша жұмыскерлер мен лауазымды тұлғаларға қойылатын талаптар;

(б) ықтимал мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу рәсімдерін, басқарушылық шешімдер қабылдау тетіктерін және қолданыстағы мүдделер қақтығысы жағдайында жұмыскерлер мен лауазымды тұлғалардың мінез-құлық нормаларын анықтау;

(в) жұмыскерлерге және лауазымды тұлғаларға Қоғамдағы мүдделер қақтығысын анықтау, басқару және реттеу бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы жалпы ақпарат беру.

1.6. Саясат Қоғамның ішкі құжаты болып табылады және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (оның ішінде Саясатқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар) бекітіледі.

1.7. ЕТҰ Саясатын қолдану ұқсас саясатты әзірлеу және бекіту немесе ЕТҰ ішкі құжаттарын осы Саясатқа сәйкес келтіру арқылы белгіленген тәртіппен жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте ЕТҰ-ның ұқсас саясаттарында

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакциясы: № 2 Сәйк. коды: П-15-2023	АО «НК «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат	парағы 5-21

және ішкі құжаттарында Саясатта көзделген талаптар төмендетілмеуге немесе жеңілдетілмеуге тиіс.

## 2. Нормативтік сілтемелер

2.1. Осы Саясатта мынадай құқықтық актілерге, ұлттық стандарттарға және ішкі нормативтік құжаттарға сілтемелер келтірілген:

- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы;
- «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-II Заңы;
- QazaqGaz іскерлік этика кодексі;
- QazaqGaz сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты;
- «QazaqGaz» ҰК» АҚ ішкі регламенттеуші құжаттарын әзірлеуге, ресімдеуге және баяндауға қойылатын жалпы талаптар (ДП-01);
- Құжаттаманы басқару (ДП-02);
- Жазбаларды басқару (ДП-03).

## 3. Терминдер мен анықтамалар

3.1. Осы Саясатта 1-кестеге сәйкес терминдер мен оларға сәйкес анықтамалар қолданылады.

### 1-кесте. Терминдер мен анықтамалар

Терминдер	Анықтамалар
<b>Үлестес тұлғалар</b>	шешімдерді тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) бір-бірімен (тұлғалардың бірімен) қабылданатын шешімдерге, оның ішінде жасалған мәмілеге байланысты ықпал етуге мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлғалар (оларға берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда). Қоғамның үлестес тұлғаларының тізбесі "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабына сәйкес белгіленеді;
<b>Жақын туыстары</b>	ата-аналар (ата-аналар), балалар, асырап алушылар,

 <p>«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ</p> <p>Интеграцияланған менеджмент жүйесі</p>		
<p>Редакциясы: № 2</p> <p>Сәйк. коды: П-15-2023</p>	<p>АО «НК «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның</p> <p>Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат</p>	<p>парағы 6-21</p>

	<p>асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалары, әпкелері, ата-әжелер, немерелері;</p>
<p><b>Лауазымыды тұлға</b></p>	<p>Директорлар кеңесінің, Басқарманың мүшелері және "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген QazaqGaz-дың өзге де тұлғалары;</p>
<p><b>Контрагент</b></p>	<p>Қоғам шарт/келісім жасасқан не жасасуды жоспарлап отырған жеке немесе заңды тұлға;</p>
<p><b>Мүдделер қақтығысы</b></p>	<p>лауазымды адамдардың/ жұмыскерлердің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, онда аталған тұлғалардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;</p>
<p><b>Жекжаттар</b></p>	<p>ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалары, әпкелері, ата-аналары мен жұбайының (зайыбының) балалары;</p>

#### 4. Қысқартулар мен белгілер

4.1. Осы Саясатта 2-кестеге сәйкес қысқартулар мен белгілер қолданылды.

2-кесте. Қысқартулар мен белгілер:

№ р/с	Қысқартулар мен белгілер	Келтірілген белгілер мен қысқартулардың толық атауы
1	ЕТҰ	Еншілес ұйымдар мен тәуелді қоғамдар, оның ішінде «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның бірлескен бақыланатын ұйымдары мен бірлескен кәсіпорындары

	<b>«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ</b> Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
	Редакциясы: № 2 Сәйк. коды: П-15-2023	<b>АО «НК «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның</b> <b>Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат</b>

2	<b>Қоғам</b>	«QazaqGaz» ҰК» АҚ
3	<b>КҚ</b>	Комплаенс қызметі
4	<b>АРБЖЕТД</b>	Адам ресурстарын басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі департамент
5	<b>СП</b>	Қоғамның құрылымдық бөлімшелері

Осы Саясатта қолданылатын, бірақ ашылмаған ұйғарымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және Қоғамның және ЕТҰ-ның өзге де ішкі құжаттарында пайдаланылатын ұйғарымдарға сәйкес келеді.

## **5. Жауапкершілік және өкілеттіктер**

5.1. "Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының мазмұнына, жазылуына және ресімделуіне қойылатын жалпы талаптар" ДП-01 құжатталған рәсімінің талаптарына сәйкес осы Саясатты әзірлеуге Комплаенс қызметінің басшысы жауапты болады.

5.2. "Құжаттаманы басқару" ДП-02 құжатталған рәсімінің талаптарына сәйкес осы Саясатты басқаруға Комплаенс қызметінің басшысы және Адам ресурстарын басқару және еңбекақы төлеу департаментінің басшысы жауапты болады.

5.3. Осы Саясатты дұрыс қолданғаны, уақтылы, толық, дұрыс және сапалы ақпарат бергені үшін жауапкершілік Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне жүктеледі.

## **6. Негізгі бөлік**

6.1. Саясат Қоғамның Мінез-құлық кодексінің ережелерін іске асыруға бағытталған, оған сәйкес жұмыскерлердің өз лауазымдық міндеттерін тиімді орындауының қажетті талаптарының бірі жұмыскерлердің, лауазымды тұлғалардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасында қайшылықтардың болмауы, ал мұндай қайшылықтар болған кезде оларды уақтылы ашу және реттеу болып табылады. Жұмыскерлердің мүдделері қақтығысын реттеуді қамтамасыз ететін орган – Қоғамның Басқармасы, ал Басқарма мүшелерінің мүдделері қақтығысын реттеуді қамтамасыз ететін орган - Қоғамның Директорлар кеңесі болып табылады.

6.2. Саясаттың мақсаты Қоғамда нақты және ықтимал мүдделер қақтығыстарын біркелкі басқару арқылы Қоғам мен оның Жалғыз акционерінің мүддесі үшін шешімдер қабылдаудың әділ, объективті және

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакциясы: № 2 Сәйк. коды: П-15-2023	АО «НК «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат	парағы 8-21

тәуелсіз процесін қамтамасыз ету арқылы қабылданатын шешімдердің тиімділігін арттыру, сондай-ақ оларды сақтау жеке тұлғалардың жұмыскерлер мен лауазымды тұлғалардың мүдделері мен байланыстарының ықпалымен Қоғамда шешім қабылдау тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік беретін жұмыскерлер мен лауазымды тұлғалардың мінез-құлқына қойылатын талаптарды айқындау болып табылады.

6.3. Қоғамның барлық жұмыскерлері мен лауазымды тұлғалары өзіне (немесе өзіне байланысты тұлғаларға) қатысты мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін жағдайға жол бермеу үшін өзін дұрыс ұстауы тиіс.

## **7. Мүдделер қақтығысын басқарудың негізгі принциптері**

7.1. Мүдделер қақтығысын басқарудың мынадай түйінді қағидаттары негізінде Қоғам мүдделер қақтығысын басқаруды жүзеге асырады (алдын алу және реттеу):

1) заңдылық қағидаты - Саясаттың Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкестігі;

2) Қоғам мүдделерін қорғау қағидаты. Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер жеке қалауына қарай емес, тек Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының ережелеріне сүйене отырып шешім қабылдауға міндетті;

3) ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету қағидаты - жеке мүдделерді ашық декларациялау және белгіленген рәсімдер шеңберінде лауазымдық міндеттерді орындау ашықтық пен есептілікті қамтамасыз етудің негізін құрайды, бұл мүдделер қақтығысының болмауына немесе оны реттеуге ықпал етеді;

4) объективтілік және жеке қарау қағидаты - мүдделер қақтығысының әрбір жағдайы Қоғам үшін ықтимал тәуекелдерді бағалай отырып, жеке тәртіппен қаралуға және уақтылы реттелуге тиіс. Шенеуніктер мен жұмысшылар мүдделер қақтығысының нақты жағдайын бұрмалайтын барлық субъективтілікті, соның ішінде жеке мүдделер мен әртүрлі факторлардың мүдделер қақтығысын зерттеу процесі мен нәтижелеріне әсерін азайтуға тырысуы керек;

5) құпиялылық қағидаты - мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу үдерісінен және мүдделер қақтығысын одан әрі реттеу үдерісінен бастап қаралатын жағдай бойынша қорытынды шығару және түпкілікті шешім қабылдау кезеңіне дейін құпиялылықты қатаң сақтау;

6) тарту қағидаты - Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ережелері туралы хабардар ету және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакциясы: № 2 Сәйк. коды: П-15-2023	АО «НК «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат	парағы 9-21

рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға, оның ішінде мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау және реттеу саласында белсенді қатысуы;

7) мүдделер қақтығысына төзбеушілік қағидаты - Қоғам өзінің жұмыс ортасында мүдделер қақтығысының туындауына мәдениетті және жоғары дәрежеде төзбеушілікті қалыптастырады. Қоғам оның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің ықтимал мүдделер қақтығысын ашуын құптайды және осы Саясаттың ережелерін түсінуге бағытталған ашық қарым-қатынастың ішкі мәдениетін дамытады;

8) жеке үлгі болу қағидаты - жоғары басшылық және өзге де лауазымды тұлғалар өз іс-әрекеттерімен парасаттылық пен әдептілік мінез-құлқының жеке үлгісі ретінде қызмет етеді, кәсібилікке бейілділігін көрсетеді және Саясат талаптарын мүлтіксіз орындайды;

9) дербес жауапкершілік және жазаның бұлтартпастығы қағидаты - лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер жеке мүдделер мен өздерінің лауазымдық өкілеттіктері арасындағы теңгерімнің сақталуына дербес жауапты болады, сондай-ақ міндеттерді/лауазымдық міндеттерді орындау кезінде өздерінің жеке мүдделерін декларациялауға және сәйкестендіруге жауапты болуға тиіс.

## **8. Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлердің мүдделер қақтығысын басқару жөніндегі міндеттері**

8.1. Директорлар кеңесі мен Басқарма лауазымды адамдар деңгейіндегі ықтимал мүдделер қақтығысын, оның ішінде Қоғамның меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілігі бар мәмілелер жасасу кезінде лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалануды қадағалап, мүмкіндігінше жоюы тиіс.

8.2. Жасалуында мүдделілік бар мәміле ҚР заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес жасалуы мүмкін.

8.3. Лауазымды тұлғалар міндетті:

1) мүдделер қақтығысы жағдайларының туындауына жол бермеуге;  
 2) оларда мүдделер қақтығысы бар мәселелерді қарауға қатысудан және олар бойынша шешімдер қабылдаудан қалыс қалуға;

3) өзінің тағайындалуына, сайлануына және қайта сайлануына және сыйақысына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспауға;

4) мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты жазбаша немесе электрондық нысанда Директорлар кеңесінің Төрағасына/ Басқарма Төрағасына алдын ала жеткізуге және Саясат талаптарына сәйкес мәселе бойынша шешім қабылдауға қатыспауға;

5) Қоғамға өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді белгіленген тәртіппен ұсынуға міндетті;

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакциясы: № 2 Сәйк. коды: П-15-2023	АО «НК «QazaqGaz» ҰК» АҚ-нын Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат	парағы 10- 21

6) Саясат талаптарының бұзылуы немесе мұндай бұзушылықтың ықтимал мүмкіндігі туралы ақпаратты Саясатта көзделген тәртіппен және талаптарда хабарлауға;

7) іскерлік мәселелер бойынша шешімдер қабылдау және өзінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаты болып табылатын адамдардың жеке мүдделерін ескермей, Қоғамның мүдделерін басшылыққа алуға;

8) өзінің лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде берілген өкілеттіктер шегінде ғана әрекет етуге және Қоғамға үшінші тұлғалардың алдында өкілдік ете отырып, өзінің іскерлік беделіне, Қоғамның басқа да жұмыскерлерінің, сондай-ақ тұтастай алғанда Қоғамның іскерлік беделіне нұқсан келтірмейтіндей әрекет етуге;

9) мүмкіндігінше мүдделер қақтығысына әкелетін немесе әкелуі мүмкін жағдайлар мен оқиғалардан аулақ болуға;

10) өзі жеке мүдделер қақтығысына төзбеушілік мәдениетін енгізуге міндетті.

#### 8.4. Жұмыскерлер міндетті:

1) мүдделер қақтығысы жағдайларының туындауына жол бермеуге;

2) оларда мүдделер қақтығысы бар мәселелерді қарауға қатысудан және олар бойынша шешімдер қабылдаудан бас тартуға;

3) бар мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты Саясат талаптарына сәйкес өзінің тікелей басшысына/жетекшілік ететін басшысына жеткізуге;

4) Саясат талаптарының бұзылуы немесе мұндай бұзушылықтың ықтимал мүмкіндігі туралы ақпаратты Саясатта көзделген тәртіппен және талаптарда хабарлауға;

5) іскерлік мәселелер бойынша шешімдер қабылдау және өзінің еңбек міндеттерін орындау кезінде жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаты болып табылатын адамдардың жеке мүдделерін ескермей, Қоғамның мүдделерін басшылыққа алуға;

6) өзінің еңбек міндеттерін жүзеге асыру кезінде берілген өкілеттіктер шегінде ғана әрекет етуге және Қоғамды үшінші тұлғалардың алдына ұсына отырып, өзінің іскерлік беделіне, Қоғамның басқа да жұмыскерлерінің, сондай-ақ тұтастай алғанда Қоғамның іскерлік беделіне нұқсан келтірмейтіндей әрекет етуге;

7) мүмкіндігінше мүдделер қақтығысына әкелетін немесе әкелуі мүмкін жағдайлар мен жағдайлардан аулақ болуға;

8) тікелей басшыны және КҚ-ны еңбек міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысына әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін жеке мүдделіліктің туындағаны туралы хабардар етеді және мүдделер

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакциясы: № 2 Сәйк. коды: П-15-2023	АО «НК «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат	парағы 11-21

қақтығысының туындауының кез келген мүмкіндігіне жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

8.5. Шешімдерді қабылдауға ықпал ету мақсатында лауазымды тұлғалардың Қоғамның БК қызметіне, олардың тікелей бағыныстылығына жататын да, жатпайтын да қызметіне араласуына тыйым салынады.

## 9. Мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу тәртібі мен тәсілдері

9.1. Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашуды мүдделер қақтығысының болуы не туындау фактілерін егжей-тегжейлі негіздей отырып және құжаттамалық растай отырып, Саясатқа № 1 қосымшаға сәйкес дереу жазбаша немесе электрондық түрде жүзеге асырады. Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер жеке мүдделерінің болуы мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соқтыруы мүмкін немесе әкеп соқтырғаны туралы жағдай туындаған кезде мәліметтерді ашуға міндетті. Біржолғы ашу Саясатқа № 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүдделер қақтығысының болуы не туындағаны туралы хабарламаны толтыру жолымен жүзеге асырылады.

9.2. Қоғамда лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер үшін мүдделер қақтығысын ашудың (декларациялаудың) мынадай тәртібі белгіленеді:

1) жұмысқа қабылдау кезінде мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді бастапқы ашу;

2) функционалы өзгерген кезде жоғары тұрған лауазымға, басқа БК-ға ауыстыру кезінде мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу;

3) мүдделер қақтығысын жыл сайын ашу;

4) жеке мүдделіліктің болуы мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соғуы мүмкін не әкеп соқтырғаны туралы жағдай туындауына қарай мәліметтерді біржолғы ашу. Біржолғы ашу Саясатқа № 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүдделер қақтығысының болуы не туындағаны туралы хабарламаны толтыру жолымен жүзеге асырылады.

9.3. Ықтимал мүдделер қақтығысын ашу туралы толтырылған декларациялар (№1 қосымша), осы Саясатта айқындалған мәліметтерді ашу тәртібін ескере отырып, мүдделер қақтығысының болуы не туындауы туралы хабарламалар (№2 қосымша) Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің жеке істерге қосу үшін сақтауға АРБЖЕТД-ға, көшірмесі КҚ-ға міндетті түрде берілуге тиіс.

9.4. Лауазымды тұлғалардың тікелей немесе ықтимал мүдделер қақтығысының болуы туралы мәліметтерді жасыру және/немесе уақтылы,

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакциясы: № 2 Сәйк. коды: П-15-2023	АО «НК «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат	парағы 12- 21

толық ашпауы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау себептері мен шарттары болып табылады.

9.5. КҚ жұмыскері кез келген уақытта мүдделер қақтығысын қарауға, реттеуге тартылған адамдардан шаралардың орындалу мәртебесі туралы өзекті ақпаратты сұратуға және іріктеп тексерулер жүргізуге құқылы.

## 10 Мүдделер қақтығысын реттеу

10.1. Мүдделер қақтығысы анықталған жағдайда, Қоғамның жұмыскерінен/лауазымды адамынан Саясатқа № 2 қосымшаға сәйкес мүдделер қақтығысының болуы не туындағаны туралы хабарлама алған басшы (тікелей басшы/ жетекшілік ететін басшы), Директорлар кеңесінің Төрағасы/Басқарма Төрағасы мүдделер қақтығысын мынадай тәсілдердің бірімен реттеу туралы шешім қабылдайды:

1) жұмыскердің/лауазымды адамның мүдделер қақтығысының көзі болып табылатын өзінің жеке мүддесінен бас тартуы;

2) жұмыскердің / лауазымды тұлғаның өзінің жеке мүддесінің объектісі болып табылатын ақпаратты пайдалануына тыйым салу;

3) жұмыскерді мүдделер қақтығысын туғызатын мәселелерді талқылаудан және шешуден ерікті түрде немесе жұмыс берушінің актісі негізінде тұрақты немесе уақытша шеттетуге;

4) жұмыскермен/ лауазымды адаммен келісім бойынша оның лауазымдық міндеттерін өзгерту;

5) жұмыскер/ лауазымды адам келіскен жағдайда жұмыскерді/лауазымды адамды туындаған мүдделер қақтығысына байланысты емес лауазымға Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен ауыстыру;

6) лауазымды адамды лауазымдық міндеттерін атқарудан шеттетуге және мүдделер қақтығысы туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша лауазымдық міндеттерін атқаруды басқа адамға тапсыру;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мүдделер қақтығысын жою жөнінде өзге де шаралар қолдану.

10.2. Басшы (тікелей басшы/жетекшілік ететін басшы), Директорлар кеңесінің Төрағасы/ Басқарма Төрағасы жұмыскерді/лауазымды адамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында белгіленген мүдделер қақтығысын реттеу туралы талаптарды бұзуға жол бермеу туралы хабардар етуге, осындай бұзушылық болған жағдайда қолданылатын жауапкершілік шаралары туралы ескертуге міндетті.

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакциясы: № 2 Сәйк. коды: П-15-2023	АО «НК «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат	парағы 13- 21

10.3. Тарап болып табылатын жұмыскер/лауазымды адам мүдделер қақтығысын ашпаған жағдайда, оған тәртіптік жауапкершілік шараларын қолдану көзделеді.

10.4. Жұмыскер/ лауазымды адам мүдделер қақтығысының болуы не туындауы туралы хабарламаны қарау нәтижелерімен келіспеген немесе мүдделер қақтығысының болуы туралы өз бетінше шешім қабылдау, туындайтын тәуекелдердің ауқымын айқындау немесе мүдделер қақтығысын реттеу тәсілін таңдау мүмкін болмаған жағдайда, басшы (тікелей басшы/жетекшілік ететін басшы), Директорлар кеңесінің Төрағасы / Басқарма Төрағасы өтінішті КҚ қарауына жіберуге құқылы. 5 (бес) жұмыс күні ішінде КҚ осы мәселе бойынша өз қорытындысын қарайды және береді.

10.5. Егер мүдделер қақтығысын қарау нәтижесінде Қоғамның қолданыстағы ішкі құжаттарына өзгерістер әзірлеу немесе енгізу қажеттілігі туындаса, КҚ процесс иесіне тиісті өзгерістер енгізуді ұсынады.

10.6. Мүдделер қақтығысы жағдайларының немесе мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін жағдайлардың мысалдары Саясаттың № 3 қосымшасында келтірілген.

## 11. Жауапкершілік

11.1. Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер Саясаттың орындалуына жауап береді.

11.2. Егер мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі жұмыста Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ Қоғамға залал келтіруге әкеп соққан Саясатты бұзуға жол берілсе, мұндай бұзушылыққа кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады.

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакциясы: № 2 Сәйк. коды: П-15-2023	АО «НК «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат	парағы 14- 21

## №1 қосымша

### Ықтимал мүдделер қақтығысын ашу туралы декларация

Мен (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

---



---



---

"QazaqGaz" ҰК" АҚ-да өз қызметін жүзеге асыру кезінде "QazaqGaz" ҰК" АҚ мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатының талаптарын мүлтіксіз ұстануға міндеттенемін және мынадай ықтимал мүдделер қақтығысының бар немесе жоқ екенін жариялаймын:

1. Мен заңды тұлғалардың басқару органдарына (директорлар кеңесіне, байқаушы кеңесіне, басқа басқару органдарына) кіремін (егер солай болса, "QazaqGaz" ҰК" АҚ еншілес ұйымдарын қоспағанда, атауын, басқару органын және басқару органына кіру күнін көрсетіңіз)

---



---



---

2. Мен заңды тұлғаның акциялары және (немесе) қатысу үлестері түрінде (толық немесе ішінара) иеленемін (егер солай болса, онда заңды тұлғаның атауын, пайызын және (немесе) үлесін көрсету керек)

---



---



---

3. Мен тұрақты негізде төленетін қызметті жүзеге асырамын: жалақы, гонорарлық төлемдер, т.б. (егер солай болса, онда "QazaqGaz" ҰК" АҚ қоспағанда, төлемдерді жүзеге асыратын заңды тұлғаның атауын көрсету)

---



---



---

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакциясы: № 2 Сәйк. коды: П-15-2023	АО «НК «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат	парағы 15- 21

4. Мен төленбейтін қызметті жүзеге асырамын (егер солай болса, онда "QazaqGaz" ҰК" АҚ қоспағанда, заңды тұлғаның рөлі/позициясы мен атауы көрсетіледі)

---



---



---

5. Мен заңды тұлғаның басшысы ретінде қызметті жүзеге асырамын (егер солай болса, онда заңды тұлғаның атауын, БСН көрсету керек)

---



---



---

6. Менің жақын туыстарым, жұбайым (зайыбым) немесе жекжаттарым болып табылатын адамдар топтың құрылымында болып жұмыс істейтінін, "QazaqGaz" ҰК" АҚ-ның, олардың еншілес және тәуелді ұйымдарының үлестес тұлғалары болып табылатынын растаймын (егер солай болса, онда жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) немесе жекжаттары болып табылатын адамдардың ЖСН, ТАӘ, жақын туыс екені, жұбайы (зайыбы), жекжаты жұмыс істейтін заңды тұлғаның атауы көрсетілуі тиіс)

---



---



---

7. Мен осы Декларацияның 1-6-тармақтарында көрсетілген тұлғалар "QazaqGaz" ҰК" АҚ-ның, олардың еншілес және тәуелді ұйымдарының контрагенттері болып табылмайтынын растаймын (егер ЖСН, ТАӘ, контрагент компаниясының атауы, контрагенттің БСН, контрагенттің қызмет түрі, "QazaqGaz" ҰК" АҚ-ның, еншілес және тәуелді ұйымдардың атауы, кімге қызмет көрсетілетіні қажет болып табылса).

8. Мүдделер қақтығысына әкелетін немесе әкелуі мүмкін басқа оқиғалар немесе жағдайлар (егер солай болса, оқиғаны немесе жағдайларды жан-жақты қарау және бағалау үшін қажетті және жеткілікті толық ақпаратты еркін түрде жазбаша түрде жазыңыз).

9. Осымен осы Декларацияны толтыру кезінде ақпараттың дұрыстығы үшін толық жауапкершілікті растаймын.

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакциясы: № 2 Сәйк. коды: П-15-2023	АО «НК «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат	парағы 16- 21

10. "QazaqGaz" ҰК" АҚ мүдделер қақтығысын реттеу саясатының талаптарымен танысқанымды растаймын.

11. Мүдделер қақтығысы туындаған кезде, сондай-ақ осы декларацияда көрсетілген деректердің өзгеруі туралы "QazaqGaz" ҰК" АҚ-на уақтылы хабарлауға міндеттенемін.

Қолы/ЭЦҚ қолы: \_\_\_\_\_

Күні

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакциясы: № 2 Сәйк. коды: П-15-2023	АО «НК «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат	парағы 17- 21

## № 2 қосымша

Кімге

\_\_\_\_\_

(лауазымы, Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_

(Т.А.Ә., лауазымы, байланыс телефоны)

### мүдделер қақтығысының болуы немесе пайда болуы туралы ХАБАРЛАМА

Осымен, "QazaqGaz" ҰК" АҚ мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатының талаптарына сәйкес, менің лауазымдық міндеттерімді орындау кезінде мүдделер қақтығысына әкеп соқтыратын немесе әкеп соғуы мүмкін жеке мүдделерімнің туындағаны туралы хабарлаймын.

1. Жанжал жағдайының (жеке мүдделіліктің) туындауына негіз болып табылатын мән-жайлар:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

*(мүдделер қақтығысы туындаған немесе туындауы мүмкін жағдай егжей-тегжейлі негіздемемен сипатталады).*

2. Жеке мүдделер әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін лауазымдық міндеттер:

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_



«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК  
ҚОҒАМЫ

Интеграцияланған менеджмент жүйесі

Редакциясы: № 2

АО «НК «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның

парағы 18-  
21

Сәйк. коды: П-15-2023

Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат

*(санамалау (нақты лауазымдық міндеттерді санамалау)).*

3. Мүдделер қақтығысын болдырмау немесе реттеу бойынша қабылданған (ұсынылатын) шаралар:

---

---

---

---

---

---

---

---

4. Мүдделер қақтығысының болуы не туындау фактілерін растайтын, сондай-ақ мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу үшін қабылданған шаралар (қабылдау ұсынылатын) туралы құжаттардың тізбесі:

1)

---

2)

---

3)

---

4)

---

5)

---

Хабарлама жіберетін тұлға:

20\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

(қолы/ЭЦҚ ұолы, қолын ашып жазу)

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакциясы: № 2 Сәйк. коды: П-15-2023	АО «НК «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат	парағы 19- 21

### № 3 қосымша

#### Мүдделер қақтығысының жағдайлары

Мүдделер қақтығысы жағдайларына немесе мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін жағдайларға түпкілікті болып табылмайтын мыналар жатады:

1. Қоғамның лауазымды адамы, жұмыскері немесе олардың жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жекжаты Қоғаммен жасалатын мәміледе тарап болып табылатын жағдай;

2. Қоғамның лауазымды адамы, жұмыскері немесе олардың жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жекжаты Қоғаммен жасалатын мәміленің тарабы болып табылатын ұйымның үлестес тұлғасы болып табылатын жағдай;

3. Қоғаммен байланысты мәмілелерге, жобаларға кез келген коммерциялық немесе өзге де мүдделілік;

4. Қоғамның лауазымды адамы, жұмыскері немесе олардың жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жекжаты үшінші тұлғалардан лауазымды адамның немесе Қоғам жұмыскерінің өзінің кәсіби міндеттерін орындағаны немесе лауазымды адамның немесе Қоғам жұмыскерінің өзінің кәсіби міндеттерін орындауына байланысты басқа да қызметтер үшін ақша, өзге де игіліктер түріндегі сыйақы алатын жағдай;

5. Қоғамның лауазымды адамы, жұмыскері немесе олардың жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жекжаты, ізеттілік пен қонақжайлылықтың жалпы қабылданған нормаларына сәйкес немесе хаттамалық және өзге де ресми шаралар өткізу кезіндегі мезіреттік ілтипат көрсету белгілері мен мезіреттік кәдесыйларды қоспағанда, Қоғамның лауазымды адамының немесе жұмыскерінің жұмыс бойынша бағыныстағы адамдардан өзінің кәсіби міндеттерін орындауына байланысты сыйлықтар қабылдайтын немесе қызметтер көрсететін жағдай;

6. Қоғамның лауазымды адамы, жұмыскері немесе олардың жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жекжаты өнім берушілерден/әлеуетті өнім берушілерден басқа лауазымды адамдарға, Қоғам жұмыскерлеріне және олардың жақын туыстарына, жұбайына (зайыбына), жекжаттарына жалпы тәртіппен қолжетімсіз дербес жеңілдіктер немесе басқа да айрықша артықшылықтар алатын жағдай;

7. Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда, Қоғамның мүлкін пайдалану мүмкіндігін қоспағанда, Қоғамның лауазымды адамы немесе жұмыскері Қоғамның мүлкін жеке мақсатта пайдаланатын жағдай;

8. Қоғамның лауазымды адамы немесе жұмыскері өзінің кәсіби міндеттерін атқаруына байланысты өзіне белгілі болған құпия ақпаратты

 <b>QAZAQGAZ</b> НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ	«QAZAQGAZ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ Интеграцияланған менеджмент жүйесі	
Редакциясы: № 2 Сәйк. коды: П-15-2023	АО «НК «QazaqGaz» ҰК» АҚ-ның Мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясат	парағы 20- 21

немесе ашылуы Қоғамның мүдделеріне теріс әсер етуі мүмкін ақпаратты, сондай-ақ Қоғаммен байланысты құпия ақпаратты Қоғамның лауазымды адамының, жұмыскерінің немесе олардың жақын туысының, жұбайы (зайыбы), жекжаты жеке пайдасын алу үшін кез келген пайдалануын ашатын жағдай;

9. Қоғамның лауазымды адамы немесе жұмыскері оның жұмысын бағалау, қайта тағайындау (қайта сайлау), сыйақы төлеу мәселелері немесе өзіне қатысты өзге де мәселелер бойынша талқылауға немесе шешім қабылдауға қатысатын жағдай;

10. егер олардың кез келгені лауазымдық міндеттерін атқаруға тікелей ықпал ете алатын және (немесе) қызмет бабындағы ілгерілеуге және (немесе) Қоғамдағы материалдық сыйақы деңгейіне ықпал ете алатын жағдайда, жақын туысы, жұбайы (зайыбы), жекжаты басқа жұмыскерге тиесілі кандидат Қоғамда жұмысқа қабылданатын жағдай;

11. Қоғамның лауазымды адамдары жақын туыстарымен, жұбайларымен және жекжаттарымен бірлесіп жұмыс істейтін жағдай;

12. Қоғам жұмыскерлері тікелей бағынатын немесе жақын туыстарына, жұбайларына және (немесе) жекжаттарына тікелей бағынатын жағдай;

13. лауазымды адам немесе жұмыскер өзінің лауазымдық міндеттерін жеке пайда алу мақсатында пайдалануға мүмкіндік беретін атқарушы және бақылау функцияларын біріктіретін жағдай;

Бұл Саясатта нақты немесе болжамды мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін барлық ықтимал жағдайлар қарастырылмайды.

Егер Саясатпен айналысатын адам Саясатта көрсетілмеген жағдайға тап болса, алайда оның мүдделер қақтығысының бар екеніне күмәні (күдігі) болса, ол кеңес алу үшін Қоғамның комплаенс қызметіне жүгінуі керек.